Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно - теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 15-16

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ЛАНДШАФТТЫҚ ТҰРҒЫДАН РЕТТЕСТІРУ

Мамбетова Ж.

Ауылшаруашылық жер пайдаланушылықтардың ерекшеліктері әкімшіліктік облыстар, аудандар, ауылшаруашылықтық кәсіпорындар сияқты нақты объектілердің ландшафттарының әртүрлілігі бойынша анықталады. Олардың территориясын ғылыми тұрғыдан негіздеп ұйымдастыру үшін, әрбір ландшафттық аймақтық ішіндегі ерекшеліктердің жан – жақты зерттеп, талдап, есепке алу қажет.

Ландшафттық жағдайларды талдау және есепке алу әдістемесі, жеке табиғи – территориялық кешенді көпсатылы жүйемен бағалау арқылы қарастырылады. Оның мақсаты ландшафттардың немесе олардың морфологиялық бөліктерінің кешенді бағалау сипаттамасын алу болып табылады. Ландшафттық жағдайларды талдау және бағалау мыналарды қамтиды:Ландшафттық жағдайларды покомпонентті (геология- геоморфологиялық, гидрогеологиялық, климаттық, топырақтық, геоботаникалық) талдау;

– Ландшафттық жағдайларды кешенді бағалау.

Жеке табиғи компоненттерді немесе жалпы ландшафтты талдау кезінде ландшафттық жағдайларды кешенді бағалау, жерге орналастыруда жер ресурстарын пайдалануды ландшафтты – экологиялық тұрғыдан болжау үшін қажет.

Жерге орналастыру кезінде ладшафттық жағдайларды талдау және бағалау мыналардан тұрады:

– Зерттеу материалдары бойынша нақты ландшафттың территориясындағы табиғи компоненттердің әртүрлілігі жөнінде объективті ақпараттар алу;

– Болашақта табиғи компонеттердің жай- күйінің өзгеру бағытын есепке алу.

Жерге орналастыру мақсаттары үшін, жобалау алдындағы іздестірулер барысында, әрбір ландшафттық компоненттің ресурс мөлшерінің саны мен сапасы жөніндегі нақты және объективті мәліметтер жинастырылып талданады.

Ресурстарды бағалау кезінде ландшафттық компоненттердің табиғи жолмен даму заңдылықтарын ескерген жөн. Ландшафттардың табиғи жолмен даму тенденциясы өте баяу, бірақ кең масштабта өтеді (эрозиялық процестер, климаттың өзгеруі, жылғалық процестер, жер сілкінулік және т.б.). Жер ресурстарын пайдалануды бағалай отырып, табиғи жағдайларды пайдаланудың жағымды және жағымсыз әдістері мен тәсілдерін сипаттап отырған дұрыс. Өйткені жер және су ресурстары балансының қай уақыттан бастап бұзылғанын

және қандай да бір ландшафт ресурстарының артық жұмсалуын болдырмауын білген өте маңызды.

Қазіргі кезде агроландшафттар, олардың тепе- теңдігінің бұзылуына әкеліп соғатын кері процестердің дамуын көрсетеді. Көбінесе ол, ландшафттың құрылымын анықтайтын жерге орналастырулық шаралар жүйесі, ландшафттық компоненттерді және олардың өзара байланысын экологиялық бағаламай әзірленуіне байланысты.

Тұрақты экологиялық жүйе ретінде толық жұмыс істеуі үшін, ландшафтты тиімді орналастыру қажет. Территорияны ұйымдастыру кезінде, экологиялық, географиялық және ауылшаруашылықтық ғылымдар төңірегіндегі көптеген ғылыми зерттеулерді топтастыру негізінде ландшафттық тұрғыдан қараудың келесідей принциптері анықталады:

1. Ландшафттың кеңістіктік әртүрлілігі,
2. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру,
3. Өсімдік жамылғысының пайда болуы,
4. Ландшафттық зоналықты есепке алу,
5. Ландшафттық морфологиялық құрылымын есепке алу,
6. Ауылшаруашылығының ресурстық потенциалын көтеру,
7. Консервация – қорғау, сақтау (шектеулі пайдалану).

Ауылшаруашылық жер пайдаланушылықтың тиімді жолдарын іздеуге, ландшафттық ресурстарды және қоршаған ортаны сақтауда ландшафттық тұрғыдан қарау өте маңызды. Ауылшаруашылық мақсаттар үшін табиғи ландшафттық жүйені қайта құру процесінде жоғарғы аталған барлық принциптерді кешенді түрде ескерудің маңызы өте зор. Сонымен қатар осындай шаралар әрбір агроландшафтта жүзеге асырылуы үшін, олар жерге орналастыру жобаларында жобалануы тиіс. Тұрақты агроландшафттарды қалыптастыру кезіндегі басты мақсат ландшафтты – экологиялық тепе –теңдікті үздіксіз сақтау болып табылады.

Ғылыми жетекші: Карбозов Т.Е.